

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы N 128-ІІ Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., N 2-3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, N 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжаттар, N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 20, 727, 731-құжаттар; N 23, 916-құжат; 2000 жылғы 10 қарашада "Егемен Қазақстан" және 2000 жылғы 9 қарашада "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мүлікті бағалау мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 45-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Заңды тұлға - жинақтаушы зейнетақы қорын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын қайта құру зейнетақымен қамсыздандыру және сақтандыру қызметі туралы заңдарда көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады. Z970136_ R970070_ P970819_ V001180_ K941000_";

2) 49-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Заңды тұлға - жинақтаушы зейнетақы қорын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату зейнетақымен қамсыздандыру және сақтандыру қызметі туралы заңдарда көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады. V001180_ V001198_ K941000_";

3) 86-баптың 6-тармағындағы:

"Банктер мен" деген сөздер "Банктерде," деген сөзбен ауыстырылсын; "банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда" деген сөздерден кейін "және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 306-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "сақтандырудың орнын толтыру" деген сөздер "сақтандыру төлемінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17,

642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2000 ж., N 10, 244-құжат):

1) 803-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру шарты бойынша бір тарап (сақтанушы) сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал екінші тарап (сақтандырушы) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе шартта белгіленген сома (сақтандыру сомасы) шегінде өзінің пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді." ;

2) 805-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"805-бап. Сақтандыру нысандары

1. Сақтандыру нысандары:

1) міндеттілік дәрежесі бойынша - ерікті және міндетті;

2) сақтандыру объектісі бойынша - жеке және мүлктік;

3) сақтандыру төлемін жүзеге асыру негіздері бойынша жинақтаушы және жинақтаушы емес болып табылады.

2. Сақтандыру қызметін лицензиялау мақсатында заң актілерінде өзгеше жіктеу көзделуі мүмкін." ;

3) 808-баптың 2-тармағындағы "сақтандыру өтемі қандай талаптарда төленетін болса" деген сөздер "сақтандыру төлемі қандай талаптарда жүзеге асырылатын болса" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 809-баптың 4-тармағындағы ауыстырудың қазақша мәтінге қатысы жоқ.

5) мынадай мазмұндағы 809-1-баппен толықтырылсын:

"809-1-бап. Жинақтаушы сақтандыру

1. Мына негіздемелердің кез келгені бойынша: сақтандыру шартында белгіленген кезең аяқталғанда не қайсысының бұрын туындауына байланысты сақтандыру жағдайы туған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін сақтандыру жинақтаушы сақтандыру болып табылады.

2. Сақтандыру жағдайы туған кезде ғана сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін сақтандыру жинақтаушы емес сақтандыру болып табылады.

3. Аннуитет шарты - сақтандырушыны шартта белгіленген мерзім ішінде пайда алушының пайдасына мерзімді төлемдер түрінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті ететін сақтандыру шарты.

4. Жинақтаушы сақтандыру шарттары тек қана жеке сақтандыру бойынша жасалуы мүмкін.

5. Аннуитет шарты жинақтаушы сақтандыру шарттарына жатады." ;

6) 813-баптың 3-тармағындағы "түрлері" деген сөз "нысандары" деген сөзбен ауыстырылсын ;

7) 814-баптың бірінші бөлігінде:

"сақтандыру шығындарын өтеуге" деген сөздер "сақтандыру төлемін жүргізуге" деген сөздермен ауыстырылсын ;

8) 815 - бапта :

3-тармақтың екінші бөлігіндегі "сақтанушы белгісіз адамдар тобын сақтандырған" деген сөздер "топтастырылып иесіздендірілген сақтандыру" деген сөздермен ауыстырылсын ;

7 - тармақта :

"тиесілі сақтандыру өтемін" деген сөздер "тиесілі сақтандыру төлемін" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"сақтандыру өтемін" деген сөздер "сақтандыру төлемін" деген сөздермен ауыстырылсын ;

9) 816 - тармақта :

1-тармақтың бірінші бөлігіндегі "сақтандыру өтемін" деген сөздер "сақтандыру төлемін" деген сөздермен ауыстырылсын ;

4 - тармақ алып тасталсын ;

8-тармақтағы "көзделген сақтандыру өтемдерін" деген сөздер "көзделген сақтандыру төлемін" деген сөздермен ауыстырылсын ;

10) 817 - бапта :

1-тармақтағы "сақтандыру өтемдерінің төленуін" деген сөздер "сақтандыру төлемін жүзеге асыруды" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3-тармақ "Сақтандыру" деген сөз кіші әріппен жазылып, оның алдынан "Жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша көзделуі мүмкін оқиғаларды қоспағанда," деген сөздер енгізілсін ;

11) 818 - бапта :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын :

"818-бап. Сақтандыру сыйлықақылары";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын :

"1. Сақтандыру сыйлықақысы - сақтандырушы сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру немесе аннуитет шартында көзделген мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемесін қабылдағаны үшін сақтанушы сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы .

Сақтандырушы сақтанушыдан алған сақтандыру сыйлықақылары оған меншік құқығымен тиесілі болады .";

2-тармақтың бірінші және екінші бөліктеріндегі "Сақтандыру төлемдерінің" деген сөздер "Сақтандыру сыйлықақыларының" деген сөздермен және "Сақтандыру төлемдерін" деген сөздер "Сақтандыру сыйлықақыларын" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3 - тармақта :

"сақтандыру төлемдерінің" деген сөздер "сақтандыру сыйлықақыларының" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"өндірілетін төлем" деген сөздер "өндірілетін сақтандыру сыйлықақысының" деген

сөздермен ауыстырылсын;

4 және 5-тармақтардағы "сақтандыру төлемін" деген сөздер "сақтандыру сыйлықақысын" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "төленуге тиісті сақтандыру өтемінің" деген сөздер "сақтандыру төлемінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 819-баптың 2-тармағындағы "сақтандыру жағдайы келтірген нақты залалдың мөлшерінен" деген сөздер "заң актілерінде белгіленген мөлшерден" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 820 - бапта :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"820-бап. Сақтандыру төлемі";

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру төлемі - сақтандырушы сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру жағдайы туған кезде не жинақтаушы сақтандыру шартында белгіленген мерзім туған кезде сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы.

2. Сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау тәртібі шартта белгіленеді. Сақтандырудың міндетті түрлері кезінде сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау тәртібі Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленеді.";

3-тармақтың бірінші бөлігіндегі "Сақтандыру өтемін төлеудің" деген сөздер "Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "сақтандыру өтемі" деген сөздер "сақтандыру төлемі" деген сөздермен ауыстырылсын;

5 - тармақта :

"сақтандыру өтемі" деген сөздер "сақтандыру төлемі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"төленеді" деген сөз "жүзеге асырылады" деген сөздермен ауыстырылсын;

"әлеуметтік сақтандыру," деген сөздер алып тасталсын;

6-тармақтағы "сақтандыру өтемінің" деген сөздер "сақтандыру төлемінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

7 - тармақта :

"Сақтандыру өтемін төлеу" деген сөздер "Сақтандыру төлемін жүзеге асыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

"сақтандыру төлемдеріне" деген сөздер "сақтандыру сыйлықақыларына не сақтандыру жарналарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтағы "сақтандыру өтемінің уақтылы төленбегендігі" деген сөздер "сақтандыру төлемін уақытында жүзеге асырмағаны" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 821-баптың 2-тармағында :

бірінші бөліктегі "сақтандыру өтемінің" деген сөздер "сақтандыру төлемдерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "сақтандыру өтемін" деген сөздер "сақтандыру төлемін" деген сөздермен ауыстырылсын, "алынған сақтандыру өтемі" деген сөздер "алынған сақтандыру төлемі" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "сақтандыру өтемін төлеуден" деген сөздер "сақтандыру төлемінен" деген сөздермен ауыстырылсын, "сақтандыру төлемдерінің" деген сөздер "сақтандыру сыйлықақыларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 822-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "оған сақтандыру өтемін төлеу" деген сөздер "оған тиесілі сақтандыру төлемінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 823-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "сақтандыру өтемін төлеу" деген сөздер "сақтандыру төлемін жүзеге асыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 825-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы "куәлігін (полисін, сертификатын және т.б.)" деген сөздер "полисін" деген сөзбен ауыстырылсын;

18) мынадай мазмұндағы 825-1-баппен толықтырылсын:

"825-1-бап. Сақтандыру ережелері

1. Сақтандыру ережелерін сақтандырушы сақтандырудың әрбір түрі үшін жеке-жеке жасайды және олар сақтандырудың тиісті түрін жүзеге асыру құқығына лицензия берген кезде уәкілетті мемлекеттік органмен келісілуге тиіс.

2. Сақтандыру ережелерінде:

- 1) сақтандыру объектілерінің тізбесі;
- 2) сақтандыру сомасын анықтау тәртібі;
- 3) сақтандыру тәуекелдері;
- 4) сақтандыру жағдайларынан алып тастау және сақтандыруды шектеу;
- 5) сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны;
- 6) сақтандыру шартын жасасу тәртібі;
- 7) тараптардың құқықтары мен міндеттері;
- 8) сақтанушының сақтандыру жағдайы туған кездегі іс-әрекеті;
- 9) сақтандыру жағдайының туғандығын және шығын мөлшерін растайтын құжаттар тізбесі;
- 10) сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен шарттары;
- 11) сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту туралы шешімді қабылдаудың мерзімі;
- 12) сақтандыру шартын тоқтату талаптары;
- 13) дауларды шешу тәртібі;
- 14) сақтандыру тарифтері және олардың экономикалық негіздемелері;
- 15) ерекше талаптар болуға тиіс.

3. Егер ұсынылған сақтандыру ережелері Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келсе және осы баптың талаптарына сай болмаса, уәкілетті мемлекеттік орган лицензия беруден бас тартуға құқылы.

4. Сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы келісім бойынша сақтандыру ережелерінің негізінде сақтандыру шартын жасасу кезінде анықталатын қосымша талаптарды көздейтін сақтандыру шарттары жасалуы мүмкін. Сол қосымша талаптар үш реттен астам қайталанған жағдайда сақтандырушы сақтандырудың белгілі бір түрі бойынша ережелерді заңдарда белгіленген тәртіппен өзгертуге міндетті.

5. Сақтандыру ережелеріне өзгерістер енгізілген жағдайда сақтандырушы осы өзгерістерді келісу үшін уәкілетті мемлекеттік органға ұсынуға тиіс.";

1 9) 8 2 6 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

2) тармақшадағы "мекен-жайы" деген сөз "тұрған жері" деген сөзбен ауыстырылсын ;

5) тармақшадағы "сақтандыру өтемінің мөлшері, оны төлеудің тәртібі және мерзімдері" деген сөздер "сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен мерзімдері" деген сөздермен ауыстырылсын ;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, оларды төлеудің тәртібі мен мерзімдері" ;

7) тармақшадағы "қолданылу мерзімі" деген сөздер "жасалу күні және қолданылу мерзімі" деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы 9) - 11) тармақшалармен толықтырылсын:

"9) шарттың (сақтандыру полисінің) номері, сериясы;

10) шарттың талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі;

11) сатып алу сомасын (жинақтаушы сақтандыру үшін) төлеудің шарты және оның м ө л ш е р і . " ;

мынадай мазмұндағы 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Егер қайта сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, қайта сақтандырушының қайта сақтандыру шарты бойынша жауаптылық кезеңі сақтандырушының сақтандыру шарты бойынша міндеттемесі қайта сақтандыруға берілген сақтандыру шарты бойынша жауаптылық кезеңіне сәйкес келуге тиіс.

5. Сақтандыру шартында көрсетілуге тиіс талаптардың толық болмағаны үшін сақтандырушы жауапты болады. Оның жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан сақтандыру шарты бойынша дау туындаған жағдайда дау сақтанушының пайдасына шешіледі. Осы тармақтың талаптары қайта сақтандыру шарттарына қ о л д а н ы л м а й д ы . " ;

20) мынадай мазмұндағы 826-1, 826-2, 826-3-баптармен толықтырылсын:

"826-1-бап. Жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеудің мерзімін ұзарту

1. Жинақтаушы сақтандыру шартында белгіленген мерзімде сақтандыру жарнасын (бірінші жарнадан басқасын) алмаған сақтандырушы сақтанушыны сақтандыру

жарнасын төлеу қажеттігі туралы хабардар етуге міндетті.

2. Х а б а р л а м а д а :

1) сақтандыру жарнасын төлейтін кезең (сақтандыру сыйлықақысының мерзімін ұзарту кезеңі) ;

2) сақтандыру жарнасын төлеу мерзімін өткізіп алғаны үшін өсімпұлдың мөлшері;

3) сақтандырушының сақтандыру сыйлықақысының мерзімін ұзарту кезеңі ішінде сақтандыру жарнасы төленбеген жағдайда шарттың қолданылуын біржақты тәртіппен тоқтату құқығы болуға тиіс.

3. Сақтандыру сыйлықақысының мерзімін ұзарту кезеңі 30 күнтізбелік күннен кем болмауға тиіс.

4. Жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мерзімін ұзарту кезеңінде сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы берешек сомасын ұстай отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.

5. Сақтандыру жарнасын төлеу қажеттігі туралы хабарлама сақтанушыға оның жіберілгенін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберіледі.

826-2-бап. Жинақтаушы сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіру

1. Егер жинақтаушы сақтандыру шартының қолданылуы сақтанушының сақтандыру жарнасын төлемеуі негізінде тоқтатыла тұрса немесе тоқтатылса, сақтанушы :

1) жинақтаушы сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылған кезде алынған сатып алу сомасын ;

2) мерзімі өтіп кеткен сақтандыру жарналарын;

3) сақтандыру жарналарын осы Кодекстің 353-бабында көзделген мөлшерде төлеудің мерзімін өткізіп алғаны үшін өсімпұлды төлеген кезде сақтандырушы шарттың қолданылуын қалпына келтіруге міндетті.

2. Сақтанушы шарттың қолданылуы тоқтатылған немесе шарт тараптарының өз міндеттемелерін орындауын тоқтата тұрған күннен бастап бір жыл ішінде жинақтаушы сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіруге құқылы.

3. Сақтандырушы жинақтаушы сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтірген кезде сақтандырылған адамның денсаулық жағдайына медициналық сараптама жүргізуге құқылы.

Сақтандырылған адамның денсаулық жағдайы айтарлықтай нашарлаған жағдайда сақтандырушы сақтандыру төлемінің және (немесе) сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін қайта есептеуге құқылы. Сақтанушы шарттың қолданылуын жаңа талаптармен қалпына келтіруден бас тартқан жағдайда шартты қалпына келтіруге болмайды.

826-3-бап. Бас полисті ресімдеу жолымен шарт бойынша сақтандыру

1. Сақтанушының сақтандырушымен келісімі бойынша біртекті мүліктің (тауарлардың, жүктердің және т.с.с.) әр түрлі топтамаларын ұқсас жағдайларда белгілі бір мерзім ішінде жүйелі сақтандыру сақтандырудың бір шарты - бас полис негізінде, оны сақтанушыға беру жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Сақтанушы осы баптың 1-тармағында аталған шарттың күші қолданылатын мүліктің әрбір топтамасына қатысты мұндай шартта көзделген мәліметтерді сақтандырушыға ол көздеген мерзімде хабарлауға, ал егер ол көзделмесе, оны алғаннан кейін дереу хабарлауға міндетті. Сақтанушы, тіпті, мұндай мәліметтерді алған кезде сақтандырушы өтеуге тиісті шығынның болу мүмкіндігі іске аспай қалса да, бұл міндеттен босатылмады.

3. Сақтанушының талап етуімен сақтандырушы осы баптың 1-тармағында аталған шарттың күші қолданылатын мүліктің жекелеген топтамалары бойынша сақтандыру полистерін беруге міндетті.

Сақтандыру полисінің мазмұны бас полиске сәйкес келмеген жағдайда сақтандыру полисіне басымдық беріледі.";

21) 827 - бапта :

1-тармақтағы "сақтандыру төлемін" деген сөздер "сақтандыру сыйлықақысын" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "сақтандыру өтемі төленген" деген сөздер "сақтандыру төлемі жүзеге асырылған" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 828-баптың 1-тармағында :

1) тармақшадағы "сақтандыру өтемін төлеуді" деген сөздер "сақтандыру төлемін" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) сақтанушыны сақтандыру ережелерімен таныстыруға;"

23) 829 - бапта :

2-тармақтың екінші бөлігіндегі "сақтандыру өтемінің" деген сөздер "сақтандыру төлемінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "сақтандыру өтемдерін төлеуден" деген сөздер "сақтандыру төлемін жүзеге асырудан" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 830-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"830-бап. Сақтандыру құпиясы

1. Сақтандыру құпиясына сақтандыру сомасының, сатып алу сомасының мөлшерлері туралы және төленген сақтандыру сыйлықақылары, сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының сақтанушының, сақтандырылған адамның немесе пайда алушының жеке басына қатысты өзге де талаптары туралы мәліметтер жатады. Таратылу процесіндегі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жасаған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты туралы мәліметтер сақтандыру құпиясына жатпайды.

2. Сақтандыру рыногы кәсіпқой қатысушыларының өздерінің кәсіби қызметі

нәтижесінде алған сақтандыру құпиясы бар мәліметтерді, сақтандыру рыногының басқа кәсіпқой қатысушысына қосарлас сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттарын жасасуға байланысты ақпарат берген жағдайларды, сондай-ақ осы баптың 4, 5 және 6-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жария етуге құқығы жоқ.

3. Өздерінің қызмет міндеттерін жүзеге асыруына байланысты сақтандыру құпиясы бар мәліметтерді алған лауазымды адамдар, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметкерлері, сақтандыру брокерлері, сақтандыру агенттері және басқа да адамдар оларды жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген т ә р т і п п е н ж а у а п б е р е д і .

4. Сақтандыру құпиясын үшінші адамға сақтанушының (сақтандырылған адамның, пайда алушының) жазбаша келісімі негізінде ашуға болады.

5. Сақтандыру құпиясы бар мәліметтер:

1) сақтанушының (пайда алушының) өкіліне - нотариатта куәландырылған сенімхат н е г і з і н д е ;

2) анықтау және алдын ала тергеу органына - оның өндірісіндегі қылмыстық істер б о й ы н ш а ;

3) сотқа - сот ұйғарымы негізінде оның өндірісіндегі істер бойынша;

4) прокурорға - оның құзыреті шегінде өзінің қарауындағы материалдар бойынша тексеру жүргізу туралы қаулы негізінде;

5) уәкілетті мемлекеттік органға - сақтандыру қызметін қадағалауды жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша беріледі.

6. Сақтандыру құпиясы бар мәліметтер сақтанушы, сақтандырылған адам, пайда а л у ш ы қ а й т ы с б о л ғ а н с о ң :

1) м ұ р а г е р л е р г е ;

2) соттарға және нотариустарға - соттың ұйғарымы, қаулысы немесе нотариустың мөрі басылған жазбаша сауалы негізінде олардың өндірісіндегі мұрагерлік істер бойынша беріледі. Нотариустың жазбаша сауалына сақтанушының қайтыс болғаны туралы куәліктің көшірмесі қоса тіркелуге тиіс;

3) шетелдік консулдық мекемелерге - олардың өндірісіндегі мұрагерлік істер б о й ы н ш а б е р і л е д і .

7. Сақтандыру қызметін жүзеге асырудың жалпы шарттары, ұсынылатын сақтандыру қызметтерінің тізбесі, сақтандыру тарифтері, сақтандыру мерзімдері, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының өзге де негізгі талаптары ашық ақпарат болып табылады және сақтандыру құпиясы мен коммерциялық құпияның н ы с а н а с ы б о л а а л м а й д ы .

8. Сақтандырушы сақтандыру құпиясы бар мәліметтерді жария еткен жағдайда сақтанушы (сақтандырылған адам, пайда алушы) келтірілген шығынды өтеуді, ал тиісті жағдайларда - моральдық нұқсанның орнын толтыруды талап етуге құқылы.";

25) 831-баптың 1-тармағының 1) тармақшасындағы "сақтандыру төлемдерін" деген сөздер "сақтандыру сыйлықақыларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 832-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "үлгі талаптарда (сақтандыру ережелерінде)" деген сөздер "сақтандыру ережелерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 834-баптың 2-тармағында:

бірінші бөлігінде "қосымша сақтандыру төлемін" деген сөздер "қосымша сақтандыру сыйлықақысын" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлігінде "сақтандырудың қосымша төлемін төлеуге" деген сөздер "сақтандырудың қосымша сыйлықақысын төлеуге" деген сөздермен ауыстырылсын;

28) 835-баптың 3-тармағындағы "сақтандыру өтемін төлеу", "сақтандыру өтемдерін төлеуден" деген сөздер "сақтандыру төлемі", "сақтандыру төлемін жүзеге асырудан" деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 837-баптың 2-тармағы "тек өзінің" деген сөздерден кейін "(топтастырылған жеке сақтандыруды қоспағанда,)" деген сөздермен толықтырылсын;

30) 838-баптың 2-тармағындағы "сақтандыру өтемдерін төлеу туралы" деген сөздер "сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

31) 839-бапта:

тақырыптағы "сақтандыру өтемдерін төлеуден", 1-тармақтың екінші және үшінші бөліктеріндегі "сақтандыру өтемін төлеуден", 2-тармақтың бірінші бөлігіндегі және 3-тармақтағы "сақтандыру өтемдерін төлеуден", 5-тармақтағы "сақтандыру өтемін төлеуден" деген сөздер "сақтандыру төлемін жүзеге асырудан" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтың бірінші бөлігіндегі "сақтандыру өтемін төлеуден", 6 және 7-тармақтарындағы "сақтандыру өтемдерін төлеуден" деген сөздер "сақтандыру төлемінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың бірінші абзацындағы "сақтандыру өтемін төлеуден" деген сөздер "сақтандыру төлемін жүзеге асырудан" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтағы "сақтандыру өтемдерін төлеуді" деген сөздер "сақтандыру төлемін" деген сөздермен ауыстырылсын;

32) 840-бапта:

1-тармақтағы "сақтандыру өтемін төлеген" деген сөздер "сақтандыру төлемін жүзеге асырған" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "сақтандыру өтемін" деген сөздер "сақтандыру төлемін" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта:

"сақтандыру өтемін ... төлеуден" деген сөздер "сақтандыру төлемін ... жүзеге асырудан" деген сөздермен ауыстырылсын;

"төленген өтем сомасын" деген сөздер "төлеген соманы" деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3 3) 8 4 2 - б а п т а :

1-тармақтағы "сақтандыру төлемінің" деген сөздер "сақтандыру сыйлықақысының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "сақтандыру төлемдері" деген сөздер "сақтандыру сыйлықақысы не сақтандыру жарналары" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы шарт талаптарының сақтандырушының кінәсіне байланысты орындалмауынан болған жағдайда, сақтандырушы сақтанушы төлеген сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру жарналарын оған толық қайтаруға міндетті.";

3 4) 8 4 4 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :
б і р і н ш і б ө л і г і н д е :

"сақтандыру төлемдерін" деген сөздер "сақтандыру сыйлықақыларын не сақтандыру жарналарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

"одан алған сақтандыру өтемін" деген сөздер "одан алған сақтандыру төлемін" деген сөздермен ауыстырылсын;

е к і н ш і б ө л і г і н д е :

"сақтандыру төлемдерін" деген сөздер "сақтандыру сыйлықақыларын не сақтандыру жарналарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

"сақтандыру өтемін төлеу" деген сөздер "сақтандыру төлемі" деген сөздермен ауыстырылсын ;

үшінші бөлігіндегі "сақтандыру өтемін төлеуден" деген сөздер "сақтандыру төлемінен" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы N 2155 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 23-кұжат; N 12, 88-кұжат; N 15-16, 100-кұжат; N 23, 141-кұжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-кұжат; N 11-12, 262-кұжат, N 19, 370-кұжат; 1997 ж., N 13-14, 205-кұжат; N 22, 333-кұжат; 1998 ж., N 11-12, 176-кұжат; 1999 ж., N 20, 727-кұжат; 2000 ж., N 3-4, 66-кұжат):

6 2 - 1 - б а п т ы ң 3 - т а р м а ғ ы н д а :

1) тармақшасындағы "және қайта сақтандыру брокерлерінің" деген сөздер "брокерлерінің" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру брокері үшін, жарғылық және меншікті капиталдың ең аз мөлшерін қоса алғанда, пруденциялық нормативтерді және сақтауға міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді белгілейді;"

4) т а р м а қ ш а д а :

"және қайта сақтандыру брокерлерінің" деген сөздер "брокерлерінің" деген сөзбен ауыстырылсын;

"сақтандыру рыногындағы актуарийлердің және аудиторлардың" деген сөздермен толықтырылсын;

9) тармақшада:

"белгілейді" деген сөздің алдынан "заңдарға сәйкес" деген сөздер енгізілсін;
"бухгалтерлік, статистикалық" деген сөздер "қаржы" деген сөзбен ауыстырылсын;
"және қайта сақтандыру брокерінің" деген сөздер "брокерлерінің" деген сөздерімен ауыстырылсын;

11) тармақшада:

"күшін тоқтата тұру" деген сөздерден кейін "не оларды қайтарып алу" деген сөздермен толықтырылсын;

"және қайта сақтандыру брокерлеріне" деген сөздер "брокерлеріне, сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарына өзге санкциялар қолдану," деген сөздермен ауыстырылсын.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2198 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 35-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 12, 183-құжат; 1998 ж., N 5-6, 50-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 63, 64-құжаттар):

6-баптың үшінші бөлігінде:

"сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының" деген сөздер алып тасталсын;
"тиісінше банк және сақтандыру" деген сөздер "банк" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжаттар; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 ж., N 10, 248-құжат):

1) 11-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) "өмірді сақтандыру" саласындағы және "жалпы сақтандыру" саласындағы қызмет, қайта сақтандыру жөніндегі қызмет, сақтандыру брокерлерінің қызметі, сақтандыру рыногындағы актуарийлік қызмет, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын аудиторлық тексеру".

2) 15-баптың сегізінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру рыногының кәсіпқой қатысушыларына лицензиялар беру шарты мен тәртібі сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңдарда белгіленеді."

3) 19-баптың 1-тармағының үшінші бөлігіндегі "сақтандыру және қайта сақтандыруға байланысты қызметті жүзеге асыруға" деген сөздер "сақтандыру рыногының кәсіпқой қатысушыларына" деген сөздермен ауыстырылсын".

6. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 31 тамыздағы "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" N 2444 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 5 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат):

8-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 3) тармақшасымен толықтырылсын:

"3) сақтандыру ұйымдары - Қазақстан Республикасының резиденттері атынан сақтандыру полистерін өткізуге (сақтандыру шарттарын жасасуға)."

7. 1997 жылғы 21 қаңтардағы "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 1-2, 7-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 14, 198-құжат; N 17-18, 225-құжат):

1) 2 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

үшінші бөліктегі "сақтандыру компанияларына" деген сөздер алып тасталсын; мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Сот сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын банкрот деп тану туралы шешім қабылдаған жағдайда оны тарату сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.";

2) 36-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай сөздермен толықтырылсын: "не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы банкрот болған жағдайда комиссияның төрағасы мен мүшелері құрамында тарату комиссиясын тағайындау туралы.";

3) 67-баптың 4) тармақшасы мынадай сөздермен толықтырылсын: "не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы банкрот болған жағдайда комиссияның төрағасы мен мүшелері құрамында тарату комиссиясын тағайындайды."

8. 1997 жылғы 5 наурыздағы "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 5, 52-құжат; N 12, 184-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат):

18-бап мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сақтандыру қызметін реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның сараптама қорытындысын

алғаннан кейін уәкілетті органға бағалы қағаздар эмиссиясын тіркеу үшін құжаттарды
т а б ы с е т е д і .

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы эмитент болған жағдайда эмиссия проспектіне өзгерістерді тіркеу сақтандыру қызметін реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша жүзеге асырылады."

9. 1998 жылғы 20 қарашадағы "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж. , N 22, 309-құжат):

12-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "банк" деген сөзден кейін "және сақтандыру" деген сөзбен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті